

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасында
Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 мамыр N 565

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша

Республикасының Үкіметі арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық және
өзара көмек туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан
Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев
Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан көрсетілген Келісімді жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының
Үкіметі арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық
және өзара көмек туралы
Келісім

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі,
достық қатынастарды, оның ішінде кеден ісі саласындағы ынтымақтастық
арқылы да дамытуды қалай отырып,

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің арасында жолаушы және жүк
қатынастарын дамытуға және жеделдетуге ұмтыла отырып,
кедендік заңнаманы сақтау мен кедендік құқық бұзушылықтарға қарсы күрес
Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері кеден органдарының ынтымақтастығы
жағдайында неғұрлым табысты жүзеге асырылатындығын назарға ала отырып,
екі жақты ынтымақтастыққа ықпал ететін халықаралық құжаттарды, сондай-ақ
Кедендік Ынтымақтастық Кеңесінің 1953 жылғы 5 желтоқсандағы және 1971 жылғы 8
маусымдағы ұсынымдарын ескере отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п
А й қ ы н д а м а

Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мыналарды білдіреді:

1. "Кедендік заңнама" - тауарларды, жолаушылардың қол жүгі мен жол жүгін, валюталық және басқа да құндылықтарды, халықаралық почта жөнелтілімдерін әкелудің, әкетуді және транзитінің, кедендік баждарды, алымдар мен басқа да төлемдерді алудың, кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер берудің, тиым салулар мен шектеулер қоюдың, сондай-ақ тауарлардың Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің кедендік шекаралары арқылы өтуін бақылаудың тәртібін реттейтін Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері құқықтық нормаларының жиынтығы;

2 . " К е д е н о р г а н д а р ы "

- Қазақстан Республикасында: Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті;

- Польша Республикасында: Қаржы министрлігі;

3. "Сұрау салушы кеден органы" - осы Келісімнің ережелеріне сәйкес жәрдем көрсету туралы сұрау салуды жолдаушы және осындай жәрдемді алушы тиісті кеден о р г а н ы ;

4. "Сұрау салынған кеден органы" - осы Келісімнің ережелеріне сәйкес жәрдем көрсету туралы сұрау салуды алған немесе осындай жәрдем көрсетуші тиісті кеден о р г а н ы ;

5. "Кедендік құқық бұзушылық" - кедендік заңнаманы кез келген бұзу немесе бұзуға ә р е к е т ж а с а у ;

6. "Тұлға" - жеке немесе заңды тұлға, ал Польша Республикасында ұлттық заңнамаға сәйкес заңды тұлға құрмастан құрылған және тауарларды әкелуді, әкетуді және транзитін жасайтын ұйымдар;

7. "Есірткі құралдары" - кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса Біріккен Ұлттар Ұйымының 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай Z980257_ конвенциясының тізімдеріне, сондай-ақ кейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса Біріккен Ұлттар ұйымының 1988 жылғы Есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Z980246_ конвенциясының тізімдеріне енгізілген заттар;

8. "Психотроптық заттар" - кейінгі өзгерістерімен және толықтырулармен қоса Біріккен Ұлттар Ұйымының 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы Z980249_ конвенциясының тізімдеріне енгізілген заттар;

9. "Прекурсорлар" - халықаралық конвенцияларда есірткі құралдары мен психотроптық заттарды өндіру үшін пайдаланылатын химиялық материалдар ретінде жіктелетін заттар мен олардың тұздары;

10. "Бақылауға алынған жеткізілім" - есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымының көздері мен арналарын, сондай-ақ заңсыз айналымына қатысы бар адамдарды анықтау мақсатында Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағы бойынша заңсыз немесе заңсыздығына күдікті олардың партияларын Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының рұқсатымен және қадағалауымен әкелу, әкету немесе транзитті рұқсат етілетін әдіс.

2 - б а п

Келісімнің қолданылу аясы

1. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің негізінде, кеден органдары құзыретінің шеңберінде олар арқылы және Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мына салаларда ынтымақтасатын болады:

а) Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің арасында жолаушы және жүк қатынастарын, сондай-ақ халықаралық почта жөнелтілімдерін кедендік бақылауды ж е т і л д і р у ;

б) кедендік баждардың, алымдардың және басқа да төлемдердің дұрыс алынуын, сондай-ақ кедендік жеңілдіктерді қолдануды қамтамасыз ету;

в) кедендік құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және тексеру;

г) кеден қызметтерінің қызметкерлерін оқыту мен кәсіптік деңгейін көтеру және Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері кеден қызметтерінің жұмысында пайдаланылатын техникалық құралдармен таныстыру;

д) есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, оларға ұқсастар мен

прекурсорлардың заңсыз айналымы саласында ақпарат алмасу.

2. Осы Келісімнің шеңберіндегі жәрдем Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес әрі сұрау салынған кеден органы құзыретінің және мүмкіндігінің шеңберінде көрсетілетін болады. Қажет болған жағдайда сұрау салынған кеден органы жәрдем сұрап басқа құзыретті органдарға жүгіне алады.

3-бап

Кедендік рәсімдерді оңайлату

1. Кеден органдары:

а) өзара келісім бойынша кедендік рәсімдеуді оңайлату жөнінде қажетті шараларды қабылдайды;

б) кедендік қамтамасыз етулерді (пломбалар, мөрлердің, мөртаңбалардың бедерлері) және бір-бірінің кедендік құжаттарын мойындайды, ал қажет болған жағдайда, өткізілетін тауарларға өздерінің кедендік қамтамасыз етулерін қолданады.

2. Транзитпен әкелінетін тауарлар мен көлік құралдары оларды әкелуге, әкетуге және транзитіне Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес тыйым салынған не кедендік құқық бұзушылық орын алды деуге негіз болатын жағдайларды қоспағанда, кедендік тексеруден босатылады.

4 - б а п

Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес

1. Кеден органдары есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымының алдын алу, тексеру және жолын кесу жөніндегі іс-әрекеттерді жандандыру мақсатында алдын ала сұрау салусыз және мүмкіндігінше қысқа мерзімде бір-біріне Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасын ескере отырып:

а) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысы бар не соған күдікті тұлғалар туралы;

б) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымы үшін пайдаланылатын контейнерлерді қоса алғанда көлік құралдары және халықаралық почта жөнелтілімдері туралы мәліметтерді береді.

2. Кеден органдары алдын ала сұрау салусыз бір-бірін есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымының қолданылатын әдістері туралы, сондай-ақ оларды бақылаудың жаңа әдістері туралы хабардар етеді.

3. Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес алған жедел сипаттағы мәліметтер, хабарлар және құжаттар құзыретті құқық қорғау және Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес нашақорлыққа және есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күреспен айналысатын басқа да мемлекеттік органдарға берілуі тиіс.

4. Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес және өзара келісім бойынша кеден органдары қажет болған жағдайда есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында, олардың бақылауға алынатын жеткізілімі әдісін қолданады.

5. Бақылауға алынатын жеткізілім әдісін пайдалану туралы шешімді Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары әрбір нақты жағдайда қолданады және қажет болған кезде, қаржылық шығыстар жөніндегі уағдаластықты ескеруі мүмкін.

5 - б а п М ә л і м е т т е р д і б е р у

1. Кеден органдары сұрау салуы бойынша немесе өз бастамашылығы бойынша бір-біріне өздерінде бар:

а) тауарлардың бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Уағдаласушы Тараптың мемлекеті аумағына әкетілуін растайтын;

б) тауарлардың Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекеті аумағына әкелінуін және аталған тауарлардың белгілі бір кедендік режиммен орналастырылуын растайтын мәліметтерді береді.

2. Кеден органдары сұрау салу бойынша бір-біріне ұсынылған құжаттардың түпнұсқалар болып табылатындығы және барлық қажетті деректерді қамтитындығы туралы мәліметтерді береді.

3. Кеден органдары бір-біріне сұрау салу бойынша, оның ішінде хаттамалар мен басқа да материалдарды немесе олардың расталған көшірмелерін жіберу жолымен:

а) кедендік баждарды, алымдарды және басқа төлемдерді алумен, сондай-ақ кедендік жеңілдіктерді қолданумен байланысты жағдаяттар туралы;

б) сұрау салушы кеден органы мемлекетінің кедендік заңнамасына қайшы келетін жасалған немесе дайындалып жатқан әрекеттер туралы өздерінде бар мәліметтерді береді.

4. Кеден органдары бір-біріне сұрау салу бойынша немесе өз бастамашылығы бойынша және мүмкіндігінше қысқа мерзімде олармен күресуде Уағдаласушы Тараптардың ерекше мүдделілігі бар мүмкін болатын кедендік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді хабарлайды. Бұл бірінші кезекте:

а) қоршаған орта үшін және халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіруі мүмкін тауарларды;

б) қару-жарақты, оқ-дәрілерді, жарылғыш және улаушы заттарды, жару қондырғыларын, сондай-ақ қос ұдай мақсаттағы тауарларды;

в) елеулі тарихи, көркем, мәдени немесе археологиялық құндылығы бар заттарды;

г) ерекше маңызды мәні бар және Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жоғары кедендік баждар, акциздер, және басқа да салықтар салуға жататын тауарларды, атап айтқанда, алкогольды сусындар мен темекі бұйымдарын өткізу кезіндегі кедендік құқық бұзушылықтарға қатысты.

1. Кеден органдары осы Келісім күшіне енгеннен кейін үш айдың ішінде өзара қолданылып жүрген заңнамалардың немесе кеден ісі саласындағы өзге де нормативтік кесімдердің көшірмелерімен алмасады және бір-бірін кедендік заңнаманың барлық өзгерістері мен толықтырулары туралы жедел құлақтандырады.

2. Уағдаласушы Тараптың бірінің мемлекетінің кеден органы екінші

Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеден органының сұрау салуы бойынша мемлекеттік және өзге де органдардың кедендік заңнаманың қолданылуы мәселелері жөніндегі құжаттарының көшірмелерін береді.

3. Құжаттарды беру туралы сұрау салуларда осы бапқа сәйкес істің мәнісі сипатталмауы мүмкін.

4. Құжаттарды алғандығын сұрау салушы кеден органы алынған күнді көрсете отырып растайды.

7-бап

Тәжірибе алмасу және көмек көрсету

1. Кеден органдары:

а) өз қызметінің тәжірибесі мен кедендік бақылаудың техникалық құралдарын қолдану туралы;

б) жаңа құралдар мен кедендік құқық бұзушылықтарды жасаудың тәсілдері туралы;

в) Уағдаласушы Тараптар үшін өзара мүддені білдіретін басқа да кеден мәселелері бойынша ақпараттармен алмасады.

2. Кеден органдары:

а) өзара мүддені білдіретін жағдайларда, сондай-ақ кеден қызметтері пайдаланатын техникалық құралдармен танысу мақсатында қызметкерлермен алмасуды;

б) кеден қызметтерінің қызметкерлерін оқыту мен олардың кәсіптік дағдыларын жетілдіруді;

в) кеден мәселелері жөніндегі сарапшылармен алмасуды;

г) кеден мәселелеріне қатысты кәсіптік, ғылыми және техникалық мәліметтермен алмасуды қоса алғанда, кеден ісі саласында бір-біріне жәрдем көрсетеді.

8-бап

Тексеру

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекеті кеден органының сұрау салуы

бойынша екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеден органы осы Келісімде көзделген мәселелер бойынша тексеру немесе тексеріс жүргізеді. Мұндай тексерудің немесе тексерістің нәтижелері сұрау салушы кеден органына хабарланады.

2. Тексеру немесе тексеріс сұрау салынған кеден органы мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Сұрау салынған кеден органы тексеруді немесе тексерісті өзінің атынан әрекет ете отырып жүргізеді.

3. Сұрау салынған кеден органы сұрау салушы кеден органының лауазымды адамдарына мұндай тексерулерге немесе тексерістерге қатысуға рұқсат ете алады.

9 - б а п С а р а п ш ы л а р м е н к у ә л а р

1. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекетінің соттары немесе құзыретті органдары кедендік құқық бұзушылықтар бойынша жүргізіліп отырған талқылауларға байланысты тиісті сұрау салумен жүгінетін жағдайда, сұрау салынған кеден органы құқықтық көмек туралы қолданылып жүрген халықаралық шарттарды ескере отырып, өзінің лауазымды адамдарын сот немесе әкімшілік талқылауларға сарапшылар немесе куәлар ретінде өкілеттендіре алады.

2. Сот немесе әкімшілік талқылауға қатысу туралы сұрау салуда сұрау салынған кеден органының лауазымды адамының қандай іс бойынша және қандай дәрежеде сөйлеуі тиіс екендігі көрсетілуі қажет.

3. Уағдаласушы Тараптардың бірінің мемлекеті кеден органы лауазымды адамдарының осы Келісімде көзделген жағдайларда екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында болған кезеңінде өзінің ресми өкілеттігінің құжаттық растауының болуы, нысандық киім кимеуі және қаруының болмауы тиіс.

1 0 - б а п Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Осы Келісімнің 8-бабының 1-тармағында көзделген сұрау салу жазбаша нысанда жолданады және орыс не ағылшын тілінде жасалады. Сұрау салуды орындау үшін қажетті құжаттар ресми түрде расталған көшірмелерде немесе фотокөшірмелерде қоса берілуі тиіс.

Төтенше жағдайлар кезінде ауызша сұрау салулар қабылдануы мүмкін, алайда мұндай сұрау салулар кешіктірілмей жазбаша нысанда расталуы тиіс.

2. Сұрау салу мынадай деректерді:

- а) кеден органының атауын;
- б) сұрау салудың мәні мен негіздемесін;

- в) рәсімнің түрін;
- г) тегін, мекен-жайларын және егер ондайлар белгілі болса рәсімге қатысушылар туралы басқа да деректерді;
- д) істің мән-жайы мен оның заңдық біліктілігінің қысқаша сипаттамасын қамтуы тиіс.

3. Егер сұрау салу 1 және 2-тармақтарда көзделген талаптарға жауап бермесе, мұндай сұрау салуға түзетулер немесе толықтырулар енгізу талап етілуі мүмкін.

11-бап

Сұрау салуларды орындау

1. Кеден органдары сұрау салуларды орындауда бір-біріне ұлттық заңнамаға сәйкес және өз құзыреттерінің шегінде жәрдем көрсетеді.

2. Егер оны орындау Уағдаласушы Тараптардың егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне, экономикалық мүдделеріне, не ұлттық заңнамасы мен халықаралық міндеттемелеріне қайшы келсе, сұрау салуды орындаудан бас тартады.

3. Сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы, сондай-ақ бас тартудың себептері туралы сұрау салушы кеден органы жазбаша нысанда кешіктірілмей құлақтандырылады.

12-бап

Құжаттар

1. Түпнұсқалық құжаттарды сұрау салу бойынша беру расталған көшірмелер немесе фотокошірмелер жеткіліксіз болып табылатын жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Түпнұсқалық құжаттар сұрау салынған кеден органына бір ай мерзімде қайтарылуы тиіс.

3. Осы баптың ережелерін қолдану кезінде Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің немесе осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттердің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасалмауы тиіс.

13 - б а п

Алынған мәліметтер мен құжаттарды пайдалану

1. Кеден органдары осы Келісімге сәйкес алынған ақпараттар мен құжаттарды

тексерулерді немесе тексерістерді жүргізу кезінде, сот, әкімшілік немесе кедендік құқық бұзушылықпен байланысты басқа да талқылауларда өзінің хаттамаларында, рапорттарында немесе өзге де материалдарында дәйектеме ретінде пайдалануы мүмкін.

2. Сұрау салу бойынша ұсынылған мәліметтер мен құжаттар тек осы Келісімді орындау мақсатында пайдаланылады және кімге болмасын берілмейді, өзге де мақсаттар үшін пайдаланылмайды және осындай мәліметтер мен құжаттарды ұсынған кеден органының жазбаша келісімінсіз жария етілмейді.

3. Осы баптың 2-тармағы ережелерінің есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты жолсыздықтар туралы материалдарға қатысы жоқ. Мұндай ақпарат Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсастардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күреспен тікелей айналысатын құзыретті құқық, қорғау және мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін.

1 4 - б а п Ш ы ғ ы с т а р д ы ө т е у

1. Сұрау салушы кеден органы осы Келісімді орындау барысында кеден органында жұмыс істемейтін сарапшылар мен аудармашылардың еңбегіне ақы төлеумен байланысты сұрау салынған кеден органы шеккен шығыстарды өтейді.

2. Осы Келісімнің 8 және 9-баптарының ережелерін орындаумен байланысты шығыстарды өтеу Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері кеден органдарының арасындағы жекелеген уағдаластық мәні болуы мүмкін.

1 5 - б а п Өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

Уағдаласушы Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 18-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

1 6 - б а п К е л і с і м д і о р ы н д а у

1. Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасының аумақтарында қолданылады.

2. Осы Келісіммен көзделген ынтымақтастық тікелей кеден органдарының арасында жүзеге асырылады. Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары өз құзыреттерінің шегінде осы Келісімді орындау үшін қажетті нормативтік кесімдерді шығарады.

3. Осы Келісімді орындау үшін Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары екі жақты кедендік қатынастар мәселелері бойынша жекелеген келісімдер жасасуы мүмкін.

4. Келісім бойынша немесе осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең аяқталғаннан кейін Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттері кеден органдарының өкілдері осы Келісім ережелерінің орындалуын талдау және Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің кедендік ынтымақтастығымен байланысты басқа да мәселелерді талқылау мақсатында екі жақты кездесулер өткізеді. Егер мұндай кездесулер өткізу үшін қажеттілік болмаған жағдайда, кеден органдары бір-бірін бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

17 - б а п Даулы мәселелерді шешу

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар және келіссөздер жолымен шешілетін болады.

18 - б а п Қорытынды ережелер

1. Осы Келісімнің ережелері Уағдаласушы Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2. Осы Келісім ноталар алмасу жолымен Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және өзінің қолданылуын Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Уағдаласушы Тараптың оның осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін тоқтатады.

200 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы поляк, қазақ және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқалық данада жасалды, әрі барлық

мәтіндердің бірдей заңды күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Осының айғағы ретінде лайықты тұрғыда өкілеттендірілді және осы Келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Польша Республикасының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.